

## References:

- 1 The State Program for the Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011–2020 was adopted by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 1118 of December 7, 2010//www.akorda.kz/ru/
- 2 Ibragimova E.M., Khamdeev A.R. Essence, the concept of anti-corruption culture and its functions // Modern problems of science and education. - 2013. - № 3.
- 3 Law of the Republic of Kazakhstan dated November 18, 2015 No. 410-V “On Combating Corruption” (with amendments and additions as of 03/07/2017)// <http://online.zakon.kz>
- 4 Agency of the Republic of Kazakhstan on civil service and anti-corruption. "Scientific research in the field of anti-corruption". 04/13/2017. The official online resource.
- 5 Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2014 “On the Anti-Corruption Strategy of the Republic of Kazakhstan for 2015-2025”//[online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)
- 6 Message of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev “Growth of the welfare of Kazakhstanis: increase of incomes and quality of life”. October 5, 2018 //www.akorda.kz
- 7 Zamaletdinov R. etc. International Management and Marketing Review. Practical recommendations to improve the effectiveness of anti-corruption policies in universities. //<http://dergipark.gov.tr/download/article-file/>

## АДАМНЫҢ МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕНДЕРІ

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ заң факультетінің 2 курс PhD докторанты  
Бирманова А.И.*

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ заң факультетінің 4 курс студенті  
Омарова А.К.*

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының ішінде мәдени құқықты қалыптастыру - ұзақ тарихи дамудың нәтижесі болды. Адамдардың мәдени құқықтары туралы гуманистік идеялар, оларды кемсітуден қорғау, заңнамалық реттеудің нысанасы болғанға дейін олар белгілі бір әлеуметтік, экономикалық және саяси алғышарттары ретінде ғана көрініс тапты.

Адамның мәдени құқығының қалыптасуы – бұл демократиялық, құқықтық, азаматтық қоғамның маңызды міндеті деп Ғ.Р. Әбсаттаров айтқандай[1;31], бүгін адамның мәдени құқығы мен жалпы қазақстандықтың өткір мәселесін шешуде адамдар, ұлттар мен әлеуметтік топтардың алға басуды біріктіретін болашаққа тиесілі демократиялық әділ қоғамның тұрақтылығы маңызды екені айдан айық.

Теориялық тұрғыдан алғанда, адамның еркін ерік-жігері, адамның теңдігі (эгалитаризм) және адамзаттың бірлігі (эмбебаптық) идеясының пайда болуы мен дамуы, ең алдымен, қоғам дамуының заңдары бойынша, адам құқықтарын бұзғаннан гөрі, өзара құрметтеу тиімдірек болатын жүйе ретінде анықталды. Оның қалыптасуы бұқаралық санаға ене бастағанынан жаратылыстану ғылымдарында жетістіктер пайда болды. Адамдар өздерінің білімдеріндегі кемшіліктерді толтыру қажеттілігін, өмірдің қарқыны өзгергенін, жаңа техникалық жетістіктер пайда болғанын сезінді. Сонымен қатар, саяси және қоғамдық институттарды демократияландыру елеулі болды. Өнер, мәдениет, ғылым және философия дамыды, сол себепті адам өзіндік құндылықты сезінді. Осылайша, адамның мәдени құқықтары белгілі бір әлеуметтік қатынастардың нәтижесі болып табылады[2;8].

Адам құқығы, олардың генезисі мыңдаған жылдар өткен адамзаттың әлеуметтік-мәдени дамуының «мәңгілік» проблемаларының бірі болып табылатындығын анықтайтын көзқараспен келісу керек. Өртүрлі дәуірлерде бұл мәселе әрқашан саяси-құқықтық болып қалады, қоғамдағы құқықтар мен міндеттердің қолданыстағы таралуын негіздеуге мүдделі, діни, этикалық және философиялық тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік даму кезеңі болды. Адам құқығы - бұл адам құқықтарының қалыптасуын құқықтық нормаларды дамытумен байланысты күрделі, көп өлшемді құбылыс. Бұл адам және азаматтың барлық құқықтары, соның ішінде мәдени құқығына да қатысты сипат.

Адам құқықтары мен бостандықтарының пайда болу идеясы VI-V ғасырда Ежелгі полистерде (Афина, Рим) бостандық пен ілгерілеу жолына жетудегі ең маңызды қадам болды. Дегенмен, әртүрлі таптар мен әлеуметтік қабаттар арасында адам құқықтарының тең дәрежеде бөлінбеуі немесе тіпті

толық шектелуі (егерде құлдар туралы айта кетсек) осы кезеңге тән сипат болды. XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап жеке, саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтарға көп көңіл бөлінді, ал мәдени құқықтар шет қалып отырды. Сәйкесінше, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде және оның өкілдері тарапынан ең алдымен әлеуметтік және экономикалық құқықтарды қажет етті. Дегенмен, қоғамның дамуы ақыр аяғында адам мен қоғамның құндылық жүйесінде өзгерістердің болуына әкелді. Адам материалдық ғана емес, рухани қажеттіліктерді де қанағаттандыру қажеттілігін сезінді.

Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын түсіну негіздері ежелгі дәуірден бастап нақтыланған.

Архаикалық кезеңде (б.з.д VII- VI ғғ.) Эллада мәдениетінде саясат қоғамдық өмірде жетекші орын алды. Сөз саяси өмірдің құралы болуының сиқырлы сипатын жоғалтады. Сөз еркін азаматтар үшін жалпыға кең тарала бастады. Нәтижесінде дінге табынушылық өзгерді, осы өзгерістермен қатар жазбалар да дами түсті. Жеке тұлға өзін біртіндеп біртұтас қоғамнан бөлек екенін сезінді, ол тайпалық қоғамның ыдырауы, даралық көріністер жеке адамның қол жеткізген деңгейін көрсетті.

Бұдан басқа, осы кезеңде білім алу құқығын қазіргі заманғы түсіну негіздері қаланды. «Paideia» деп аталатын гимнастика, грамматика, риторика, поэзия, музыка, математика, география және тарихты біріктіретін грек білім беру және тәрбиелеу жүйесі болды. Тәрбие заңдарға тағзым ету және құрметтеу рухында жүзеге асырылды. Солон, «қоғамның өмірі жалпыға бірдей келісіммен қабылданған заңдар мен құқықпен реттелуі керек» - делінген. Грек қала – мемлекеттері азаматтары бала кезінен полис тәртібі бекітілген заңдарды құрметтеумен тәрбиеленген[3;66]. Ежелгі теорияларда бір ақыл-ойды, бір денені немесе бір моральды дамытудың пайдасы мен қажеттілігін тәрбиелеуден бас тартты. Бұл теория, бұл салалардың басқа салалармен бірігуден тыс жерлерде не екенін білмейді деп түсіндіреді.

Келесі кезең – Эсхил, Софокл және Еврипид трагедиясы. Эсхил өз шығармаларында ақиқатты, әділдікті, жақсылықты түсіндірді, ол жақсылықты сыйлайтын және зұлымдылықты жазалайтын құдайлар туралы айтқан. Софокл мен Еврипид адамның құдайлармен, тағдырмен бетпе-бет кездескені туралы айтылады. Осы авторлардың трагедиясы болашақ адам мен азаматтың қазіргі заманғы интерпретациясында, оның ішінде мәдени құқықтары мен бостандықтарын түсінуге негіз болады. Бұл үдерісте философия маңызды рөл атқарды. Сол кезеңдегі білімнің жаңа түрі әлемнің өз бейнесін құруға және оның осы әрекетке деген құқығын негіздеуге міндет қойды. Ақыл-ойдың автономиясы және ой-пікірлердің маңыздылығы бірте-бірте артты. Рефлексиялық сана пайда болды, адам өзін адам ретінде сезіне бастады.

Сонымен қатар, сол уақыттың философтары - Сократ, Платон, Аристотель - метафизика, физика, логика, психология, этика, риторика, экономика және саясат сияқты барлық ғылымның философиялық негіздерін құрды. Осылайша, ежелгі кезеңде адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын түсіну негіздері - дін, философия, өнер, білім беру және т.б. жеке салалары белсенді түрде дамыды. Демек, адам материалдық құндылықтарды ғана емес, сонымен қатар рухани және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру қажет екендігін анықтай түсті.

Адам мен азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын түсінуді дамытуға айтарлықтай үлес қосқан Эллинизм дәуірі. Осы кезеңнің басталуы әдетте б.з.д 338 жылдарымен байланысты. Мәдениеттің даму процесі алғашқы дәуірлермен салыстырғанда жаңа алғы шарттарда және өзіндік ерекшеліктерімен өтті. Бұл кезеңде атақты Александрия кітапханасы құрылды. Ғалымдар табиғи, математикалық және гуманитарлық ғылымдарды, әсіресе филологияны дамытты. Алғаш рет «грек грамматикасы» құрастырылды.

Рим мәдениеті, әдетте, эллинистік мәдениеттің ажырамас бөлігі болып саналады. Рим қоғамында заңға бағыну және заңның үстемдігі одан әрі дамыды. Рим құқығы адамзаттың құқықтық тарихында ерекше орынға ие. Рим құқығы негізінде өркениеттің дамуының келесі кезеңдерінде адамзаттың ортақ мұрасы болатын құқықтық мәдениет пайда болды. Рим құқықтануы кәсіби құқықтық білімнің және дербес құқық ғылымының негізін қалады. Алайда, осы кезеңде көпшілік назар мәдени құқықта емес, азаматтық және саяси құқықтар төңірегінде жүрді. Бұның дәлелі, ең алдымен, римдіктердің дүниетанымдық қабылдауы гректердің дүниетанымдық қабылдауынан гөрі практикалық және парасатты болды.

Сондай-ақ, осы кезең келешекте тұлға деген жаңа санаттың, соның ішінде мәдени құқықтың, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қазіргі заманғы түсінуін қалыптастыруға үлес қосты.

Осылайша, мәдени құқықтар мен бостандықтарды қазіргі заманғы түсіну негіздері антикалық дәуірде ежелгі қоғамның мәдени дамуының жоғары деңгейге көтерілгендігінен туындады. Алайда,

тұтастай алғанда, ежелгі ұғым санада, адам құқықтары туралы идеяны білмеді. Бұл жеке тұлғаның қоғамнан тысқары емес екендігінен көрінеді. Қоғамнан бөлек тұлға деген санат түсінігі болғанымен, ал адам құқықтары толық танылмады және емін-еркін болмады.

Орта ғасыр кезеңінде қоғамның сословиелік құрылымында еркіндік өте шектеулі болды. Жалпы экономикалық мәжбүрлеу жүйесі, көпшіліктің құқықтарының болмауы, жүйелі зорлық-зомбылықты тудырды. Алайда, тіпті осы кезеңде ғылым, мәдениет, өнер және философияның дамуы, қоғамның мәдени даму деңгейінің өсуі туралы тұжырым жасады. Жаңа дүниетаным пайда болды: теологиялық пікір-сайыстар, тәрбиелеу және білім беру, әдебиет, өнер мен сәулет. Әлемді ойлау мен сезіммен қабылдаудың жаңа жүйесі пайда болды. Бұл кейін адамзатқа Ренессанс пен жаңа ғасырдың мәдениетін береді, ол адамға құқықтарын түсіну мен танудың жаңа деңгейіне әкелді. Бұған қоса, Англияда 1215 жылы Ұлы еркіндік хартиясы қабылданып, монархияның құқықтарын шектеу әрекеттеріне әкелді. Бұл хартияның маңыздылығы: әлеуметтік – саяси күштердің нақты қарым-қатынасын білдіретін тәртіпті, адамның өмір сүру құқығын, бостандық құқығы сияқты құқықтарының және құқық үстемдігі тұжырымдамасын қалыптастыруда үлкен ықпал етті [4]. Адамдардың жалпыға ортақ құқықтары бейнеленген тарихтағы алғаш заңдық құжат Солтүстік Американың Вирджиния штатының Халық өкілдері конгрессінде қабылданған «Құқық туралы Билль» (1776ж. маусым) деп аталады. Кейін 1791 жылдың 15 желтоқсанда бекітілген Конституцияға 10 түзетулер сөз бостандығы, баспасөз бостандығы, діни бостандық және басқа да құқықтарды қорғау мақсатында енгізілген болатын [5].

Адам құқықтарын зерттеумен айналысқан теоретиктердің арасында Томас Пейнді ерекше атап өту керек. Оның еңбектерінің арқасында, әсіресе «Адам құқықтары» еңбегін қоғамның көпшілік бөлігі оқып, Француз революциясының идеяларымен танысты.

1789 жылы Ұлы Француз төңкерісі кезінде, заң алдындағы бостандық пен теңдік тұжырымдамасын анықтайтын «Адам және азамат құқықтарының Декларациясы» қабылданды.

Алайда, аталған құжатта адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтары туралы мүлдем айтылмады. Бұл құжатта адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары абсолюттендірілді, жалпы адамзаттық құндылықтар, адамгершілік пен этика санаттарына қатысты ұғымдар берілді.

Адам және азаматтардың мәдени құқықтары мен бостандықтарының белгілі бір түрін реттейтін қоғамдық қатынастар тұрақты және жеке жүйе ретінде ХХ ғасырдың бірінші жартысында ғана қалыптасты.

Мәдени құқықтар алғаш рет 1917 ж. Мексиканың Саяси Конституциясы, 1918 ж. РСФСР Конституциясы және 1919 ж. Германиядағы Веймар Конституциясында енгізілді.

Мысалы, Мексика Құрама Штаттарының Саяси Конституциясының 5-бабының 1-ші және 2-ші бөлімдерінде ар-ождан бостандығы туралы ережелерді бекітті. Германия Конституциясының 2, 4 және 5-бөлімдерінде білім, мектеп және шаруашылық өмірге қатысты мәселелер қаралды.

Шын мәнінде, мәдени құқықтар мен бостандықтарды дамытудың жаңа кезеңі Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. 1948 жылғы 10 желтоқсанда Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы қабылданды, ол тарихтағы алғашқы әмбебап құжат болды. Осы құжатта адамның және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарының тізбесі бар, оған «барлық халықтар мен барлық мемлекеттердің ұмтылуы керек» деген міндет қойылады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының Преамбуласында «бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы әр адаммен қатар, қоғамның әр органы осы декларацияны үнемі жадында тұтып, білім беру және ағарту жұмыстары арқылы осы құқықтар мен бостандықтарды қадір тұтуға ықпал жасап, ұлттық халықаралық шаралар арқылы Ұйымның мүше-мемлекеттерінің халықтарымен қоса, олардың юрисдикциясына қарасты территориялардың халықтары арасында да, жалпыға бірдей тиімді түрде танылып, жүзеге асырылуы үшін алға қойылған мақсат ретінде жарияланған» [6] деп көрсетті Бас Ассамблея. Сондай-ақ мәдени құқықтар басқа да әмбебап және аймақтық келісімдерде, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде расталған және дамыған. Халықаралық қоғамдастық адам құқықтарын жалпыға бірдей әділ және тең негізде бірдей көзқараспен және көңілмен қарауға тиіс. Демек, адамның мәдени құқықтары мен бостандықтары, сөзсіз, заңды құқықтармен байланысты деп қорытынды жасауға болады.

1948 жылы БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдағаннан кейін, конституцияларда мәдени құқықтарды бекіту біршама кеңейтілді. Олар 1946 ж. Францияның Конституциясында, 1947 ж. Италияның, 1949 ж. ГФР, 1975 ж. Грецияның және кейбір басқа елдерде жеткілікті дәрежеде анық бекітілді.

Алайда, осы конституцияларға жасалған талдау барысында әлеуметтік және экономикалық құқықтарға басымдылықтың артық екендігіне қорытынды жасауға болады. Мысалы, 1975 жылғы Греция Конституциясында «Жеке және әлеуметтік құқықтар» деген тарау бар, онда бірқатар мәдени құқықтар әлеуметтік құқық деп жіктеледі. Осы Конституцияның 5-бабында «барлық адамдар елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне қатыса алады ...» деп жазады, ал мәдени өмір туралы тіпті айтылмаған. 1975 ж. Грецияның Конституциясымен ұқсас жағдай, Испанияның Конституциясын қараған кезде байқалады, оның бірінші бөлімі «Негізгі құқықтар мен міндеттер» деп аталады.

КСРО-ның 1936 жылғы Конституциясы азаматтардың, оның ішінде мәдени құқықтың негізін бекітіп, жүйеледі. Алайда, әлеуметтік-экономикалық құқықтарға басымдық берілгенін атап өту керек. 1978 жылғы КСРО Конституциясы (Негізгі Заң) адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын дамытуда белгілі бір қадам жасалды, ол «Мемлекет және тұлға» бөлімінде қамтылды.

Осы нормативтік құқықтық актілердің аналогиясы бойынша, социалистік бағытты ұстанған Қазақстан, Ресей, ТМД және Балтық елдерінің, Шығыс Еуропаның құқықтық тәжірибесі қалыптасты [7]. Олардың негізгі ішкі заңдарында адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтары тұжырымдалды. Рухани бостандықты, мәдени дамуды талап ететін бұл заңдар дамыған елдердің ең жақсы жетістіктерін сезінеді. Мемлекеттерді демократиялық құрылыммен жақындастыру адам мен азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтары туралы түбегейлі ережелерді біріктіреді.

Қазіргі уақытта адам және азаматтардың мәдени құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу қажеттілігін анықтайтын негізгі ережелер әзірленді. ЮНЕСКО-ның 1976 жылғы 26 қарашада қабылданған мәдени өмірге жаппай қатысуы туралы ЮНЕСКО ұсынымдарының кіріспесінде келесідей мәлімдеме бар: «... көптеген адамдар мен қауымдастықтардың барынша кең және еркін түрде таңдалған мәдениетке қатысуы негізгі адами құндылықтар мен жеке адамның қадір-қасиетін дамыту үшін шаралар қажет; кең ауқымды мәдени құндылықтарға тек мәдениеттің артықшылықтарын пайдалануға ғана емес, сонымен қатар қажетті экономикалық жағдай жасау арқылы да қол жеткізе алады, барлық мәдени өмірге және мәдениетті дамыту үдерісіне белсене қатысу» [8;223].

Адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарының тарихын зерделеу, біздің ойымызша, осы құқық санатының танылу дәрежесі мен тұрақтылығын, ең алдымен, қоғамның мәдени даму деңгейіне байланысты екенін түсіну үшін қажет. Осы құқықтардың даму тарихы рухани және мәдени өмірдің тарихи бірізділігі, халықтың рухани мәдениетінің мәңгілік құндылықтары туралы білімді жаңғыртудың бірлігі екенін түсінуге мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Әбсаттаров Ғ.Р. Адамның мәдени құқығының қалыптасуы//Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. – 2013. –№4 (44). –ңБ.26-31.

2 Багдасаров В.Ю. Права человека в Российской империи: вопросы истории отечественной мысли. – Ставрополь. –Ставроп. книжное изд-во, 1996. - 78.с.

3 История государства и права зарубежных стран. Часть 1. Учебник для вузов. Под ред. проф. Крашенинниковой Н.А и проф. Жидкова О. А.- М.: НОРМА, 1996. – 480 с.

4 Великая хартия вольностей (1215 г.). Конституции и законодательные акты буржуазных государств XVII-XIX. –М.: –Государственное издательство юридической литературы, 1957. // [http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Engl/XIII/1200-1220/Magna\\_charta1215/text2.phtml](http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Engl/XIII/1200-1220/Magna_charta1215/text2.phtml)

5 Құқық туралы билль // [http://emirsaba.org/pars\\_docs/refs/2/1729/1729.pdf](http://emirsaba.org/pars_docs/refs/2/1729/1729.pdf)

6 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001_)

7 Конвенция Содружества Независимых Государств о правах и основных свободах человека (заключена в Минске 26.05.1995) // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_6966/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_6966/)

8 Сингх К. ЮНЕСКО и культурные права. Культурные права и проблемы, связанные с их признанием: Сборник очерков, посвященный празднованию 50-й годовщины принятия Всеобщей декларации прав человека / Орг.Объед. Наций по вопр. образования, науки и культуры, Ин-т гуманитар.наук и права. –М.: МАГИСТР ЮНЕСКО,2003.-306 с.